

2025-2026 оқу жылының жалпы ата-аналар жиналысының
№1 хаттамасы

Мерзімі: 30.09.2025 ж

Қатысушылар: тәрбиешілер, педагогтар, ата-аналар

Тақырыбы: «Баланы ерте дамытуда ата –ана мен педагог ынтымақтастығы»

Мақсаты: Ата-аналардың білім беру процесіне тарту, педагогикалық

ұжымның алдында тұрған міндеттерді бірге шешуге шақыру, ата-аналардың балабақша өміріне деген қызығушылықтарын арттыру және бірлесе жұмыс жасауға тарту, тегін тамақтану туралы ақпарат беру.

Күн тәртібі:

- 1.1. Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтау.
- 1.2. Бөбекжай педагогтарымен таныстыру.

меңгеруші: А.К.Машбаева

2. Ата-аналарды бөбекжай өмірімен, күн тәртібі, ҮІӨ кестесімен, балаларды жасына сай топтарға үйлестіруімен таныстыру

Әдіскер: Г.М.Кумашева

3. Ойын - тренинг «Қадам жаса», «Ыстық картоп»

Бөбекжай психологы: А.А.Манарбекқызы

4. Ата-аналарға кеңес: «Бала денсаулығын нығайтамыз»

Медбике: А.Хайратқызы

5. Қамқоршылық кеңес ұйымын сайлау. Аналар, әжелер, әкелер мектебін құру. Жалпы бөбекжай бойынша ата-аналар комитетін сайлау

6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісіне сөз беріледі. Жаңа оқу жылымен құттықтап бөбекжайда қызмет атқарып жүрген педагогикалық кадрмен таныстырды. Бөбекжайда 15 педагог маман, оның ішінде 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 9 тәрбиеші, 1 музыка жетекшісі, 1 психолог, 1 хореограф маманы және қосымша ағылшын маманы 1 жұмыс жасайды.

2. Келесі күн тәртібі бойынша Әдіскер Гүлжүзім Мұратқалиқызы сөз берілді.

Құрметті ата-аналар, бүгінгі «Баланы ерте дамытуда ата –ана мен педагог ынтымақтастығы» атты жалпы ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер!

Сіздерді жаңа оқу жылымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі күні алдымызда томпаңдап жүгіріп жүрген балаларымыздың ертеңгі күні жарқын болсын.

Биылғы 2025-2026 оқу жылында бөбекжайымызда 3 топ жұмыс жасайды. Бір ортаңғы, екі аралас ересек және мектепалды тобы.

Бөбекжайымызда ұйымдастырылған іс-әрекеттері мемлекеттік тілде, мемлекеттік құжат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім Беру Стандартын негізге ала отырып іс-әрекеттер кестесі бекітіліп күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүргізіледі.

Бөбекжайымызда күнделікті ертеңгілік жаттығулар, әр Дүйсенбі мемлекеттік әнұран айтумен басталады. Жылдық жоспарға сай ашық есік күндер ұйымдастырылады. Ашық есік күндері ата-аналар бөбекжайдағы балаларыңыздың 1 күндік күндерін бақылай аласыздар.

Бөбекжайымыздың күн тәртібінің кестесі және ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі

Мерекелік ертеңгіліктер, көрмелер, ата-аналармен жиындар, спорттық жанұялық эстафеталық ойындар ұйымдастырылып, басқа да мәселелер талқыланады. Педагогтардың барлығы аудандық семинарлар өткізіп, аудан көлемінде басқа да қоғамдық іс-шараларға белсене ат салысып жұмыс жасайды және әр түрлі шығармашылық байқау, конкурстарына балаларды қатысыру зейін шығармашылық дағдыларын қалыптастыруда.

Бөбекжайдың жұмыс уақыты таңғы сағат 08:00 -дан бастап кешкі 18.00-дейін.

Таңертеңгі қабылдау мен кешкі уақытта уақытында алып кетулеріңіз сұралады. Балалардың төлемақысы уақытында төленіп тұруы сұралады. Ай сайын топ тәрбиешілері меңгерушіге есеп беріп отырады.

3. Үшінші мәселе бойынша бөбекжай психологы ата-аналар арасында ойын-тренингін өткізді. Ата-аналар тренингтен жақсы әсер алып, ойларымен бөлісті.

4. Төртінші мәселе бойынша Ата-аналарға «Бала денсаулығын нығайтамыз» тақырыбында кеңес берілді. Балалардың тазалығы мен денсаулығына қарау керектігін нақтыланып айтылды.

медбике- А.Хайратқызы

5.Бесінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес ұйымын сайлау. Аналар мектебін құру. Жалпы бөбекжай бойынша ата-аналар комитетін сайлау тақырыбы талқыланып мүшелері тағайындалды.

Ата-аналар комитетінің төрайымы Нугманнова Г.Ж ханым ата-аналар қалауымен 2025-2026 оқу жылына сайланды. Қамқоршылық кеңес мүшелері мен Аналар мектебінің мүшелері сайланды.

- Шешімі:

Білім беру процесіне ата-аналар үнемі тартылып отырсын

Қамқоршылық кеңес пен аналар, әжелер, әкелер мектебінің мүшелері бөбекжаймен тығыз қарым-қатынас орнатылсын.

Бүгінгі өтілген ата-аналар жиналысы бойынша қортынды жасалды.

Ешқандай ата-аналардан қарсылық болған жоқ. Барлық жағдайға келісті.



меңгеруші:

Машбасва А.К

әдіскер:

Кумашева Г.М

хатшы:

Беккалиева А.А

№2-ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілетін күні: 28.05.2026 ж

Мектепке дейінгі ұйымның атауы: «Азамат», «Азамат-2» жеке меншіктегі балабақша

Өткізілетін орны: Көпбейінді акт залы.

Жиналысқа қатысушылар саны: 62

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өткен оқу жылындағы табыстар мен жетістіктер.
2. Арнайы түзету-дамыту жұмысының тиімділігі.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары.

БАРЫСЫ

Жалпы ата-аналар жиналысының басында МДҮ меңгерушісі Машбава А.К құттықтау сөз сөйледі.

Ол ата-аналарға жиналысқа қатысканы үшін алғысын білдірді, оқу жылының аяқталуымен құттықтады, денсаулық, бірлескен табысты қызмет, жазғы кезеңнің сауықтыру үшін қолайлы өтуін тіледі.

1. Әдіскер мен бір топ тәрбиешілер «Өткен оқу жылындағы жетістіктеріміз бен табыстарымызды» атап өтті, онда әрқайсы өз тобының бір оқу жылы ішіндегі тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы презентация дайындады.

Сөз сөйлеуді әдіскер Кумашева Г.М бастады, ол оқу жылында ерекшеленген балалардың жетістіктерін дамытудағы негізгі тенденцияларды атап шықты; барлық жас топтары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері, тәрбиеленушілердің шығармашылық конкурстарға қатысуы, педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуы, ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымның өміріне белсенді қатысуы қажетті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бергенін атап өтті.

Бұдан кейін жыл қорытындысы бойынша презентациялар дайындаған топ тәрбиешілері сөз сөйледі. Тұсаукесерде педагогтер тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша жетістіктерін көрсетті, онда дамудың бес саласы бойынша көрсеткіштердің өсу серпінін байқауға мүмкіндік болды: дене дамуы, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларды дамыту, балалардың зерттеушілік іс-әрекеттерін, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру.

Барлық жас топтарының педагогтері мониторинг деректері балалардың оқу жылындағы үлгілік бағдарламаны меңгергендігін көрсететінін атап өтті. Ата-аналар баланың жеке даму картасы бойынша бірлесіп жұмыс істегенде мұқият болғандары, олардың жүйеде отбасындағы жеке тапсырмаларды орындауы маңызды болғанына назар аударды.

Презентацияларда мәтіндік деректер, графиктер, кестелер, диаграммалар, фотоколлаждар және видеодан үзінділер көрсетілді. Ата-аналар балалардың жетістіктерін шынайы құптады, көрсетілген жұмысқа қолдау білдірді.

Ата-аналар балалардың жетістіктерін мақтан етті, сөз сөйлеушілерді қолдады, қиындықтарды бірге жеңген сәттерін естеріне алды.

Сөз сөйлеушілер тарапынан ата-аналарға презентация бойынша сұрақтары болса, түсініктемелер, жауаптар алу үшін ата-аналар жиналысының аяғына қарай «Әртүрлі» бөлімінде қоюға болатынын ескертті.

ШЕШІМ

Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарын орындау, 2025-2026 оқу жылындағы әр жас тобының үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша педагогикалық ұжымның тәрбие-білім беру қызметі қанағаттанарлық деп есептелсін; осы оқу жылында ұжым пайдаланатын тәрбие құралдары мен әдістері, жеке тәсіл, балаларды тәрбиелеу мәселелерін шығармашылық тұрғыдан шешу нәтижелі, прогрессивті деп саналсын.

2. Арнайы түзету-дамыту жұмысының тиімділігі мәселесі бойынша.

Арнайы түзету және дамыту жұмысының қорытындысы бойынша психолог сөз сөйледі. Ол жиналысқа қатысушыларға арнайы түзету жұмыстары, дамыту жұмыстары, жұмыс әдістері мен формалары (жеке жұмыс, топтық іс-әрекеттер, тәрбиешілер және ата-аналармен өзара әрекеттесуі) сияқты жұмыстың негізгі компоненттерін көрсететін презентация ұсынды.

Психолог кестелер мен диаграммаларда арнайы түзету-дамыту қызметінің динамикасы мен нәтижелерін көрсетті.

Маман балалардың дамуындағы оңды динамикаға мысалдар бар екенін көрсетті. Сондай-ақ, ол мазасыздық бойынша арнайы түзету жұмыстарының қорытындыларын, өзін-өзі реттеу дағдыларын, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруді ұсынды. Ол балалардың бейімделуіндегі кедергілердің қалайша еңсерілгенін түсіндірді; бір жыл ішінде ата-аналарда туындаған негізгі сұрақтар туралы, көмек түрінде қандай кеңестер, тренингтер ұсынылғанын атады, соның ішінде педагогтерге, арнайы түзету дамыту жұмысының сапасын дамытудың негізгі бағыттары туралы айтты: ...

ШЕШІМ

Туындаған сұрақтарға жауап беру, тапсырмаларды түзету.

3. 2026 жылының жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстың басым бағыттары мәселесі бойынша әдіскер Кумашева Г.М сөз сөйледі.

Ол 2026 жылдың I маусымы мен 31 тамызы аралығындағы ұжымның жазғы кезеңдегі қызметі 2026 жылдың тамыз айында шыққан нұсқаулық хатқа, бұйрыққа сәйкес, сондай-ақ Балаларды ерте дамыту институтының Мектепке дейінгі ұйымдарында жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде іске асыру жоспарланғанын түсіндірді. Жазғы сауықтыру кезеңінің негізгі мақсаттары айтылды: тәрбиеленушілердің психофизикалық денсаулығын қорғау және нығайту; табиғи факторларды пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды шынықтыру; балалардың демалысын, эмоционалдық амаңдығын қамтамасыз ету; айналасындағыларға танымдық қызығушылықты дамыту.

Сөз сөйлеушілер жазғы сауықтыру кезеңі — балалардың денсаулығын нығайтуға, олардың физикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ толыққанды демалысты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды уақыт екенін атап өтті. Осы кезеңге дайындық балалардың мүдделерін, жазғы уақыттың ерекшеліктерін және санитарлық-гигиеналық нормаларды ескеретін кешенді тәсілді қажет етеді. Іске асыру үшін қызметтің міндетті бағыттары анықталды, олар балалардың денсаулығын нығайтуға, қауіпсіз орта құруға, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алуға, танымдық және дамытушы элементтерді интеграциялауға, ата-аналармен ынтымақтастыққа, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауға, балалардың дербестігі мен бастамашылдығын дамытуға бағытталған.

ШЕШІМ

2025-2026 жылғы жазғы кезеңде «Азамат», «Азамат-2» МДҰ-да балаларды сауықтыру, қауіпсіздік, физикалық дамыту және балалардың денсаулықтарын нығайту үшін жағдай жасау, сауықтыру, қауіпсіздік, тәрбиеленушілерді дамыту және ата-аналармен ынтымақтастық қазидаттарын сақтай отырып, жазғы сауықтыру кезеңінің қабылданған жоспарын іске асыру.

Ата-аналар комитетінің төрағасы

Хатшы



(Т.А.Ә.) Үйдетаушева А
(Қолы) Үйдетаушева А

(Т.А.Ә.) Бектасова А А
(Қолы) Бектасова А А